

«Сейфуллин окулары – 18(2): «XXI ғасыр ғылыми - трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения - 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации». - 2022.- Т.І, Ч.ІІ.- Б. 257-260.

## **ИТ МЫСЫҚТАРДАҒЫ КЕЗДЕСЕТІН ТЕРІ АУРУЛАРЫНДА «ФИТОКРЕОЛИН» ПРЕПАРАТЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ**

*Досжанова А.Б., 2 курс магистранты*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.*

Ветеринарияда креолинді-инсектоакарицидті және дезинфекциялық препараттарды жақсы біледі. Зиянкестермен күресу үшін әртүрлі замануихимиялық қосылыстардан тұратын препараттар көп болғанымен, креолинді қолдану әлі де өзекті болып қала береді.

Сонымен қатар, креолин ветеринарияда көптеген емдік шараларда қолдануда. Әдеби деректерде фитокреолин дезинфекция, дезинсекция, ауылшаруашылық өсімдіктерінің зиянкестеріне қарсы, қой мен ешкінің псороптозы кезіндегі емдеу және алдын алу мақсатында, қой-ешкі және ірі қара мал некробактериозында тұяқты шіріктің алдын алу үшін, өндірістік және қосалқы мал шаруашылығы қора-жайларының беттерін, жануарларды тасымалдауға арналған көлік құралдарын дезинфекциялау, дезинсекциялау, дезакаризациялау және дезинвазиялау, инфекциялық анемия, биенің инфекциялық іш тастауы, бруцеллез, ІҚМ трихомонозы (5% эмульсия), жұқпалы және инвазиялық аурулардың таралу қаупін тудыратын қан соратын диптеран жәндіктерге қарсы жануарларды өңдеуі туралы мәліметтері бар [1, 2].

Күріш қауызының пиролизі процесінде алынатын эмульгаторлар мен пиролизат майларының фракцияларын араластыру арқылы алынған, ветеринарлық тәжірибеге, ауыл шаруашылығында фунгицидтік, дезакаризация, дезинсекция, ауылшаруашылық өсімдіктерінің зиянкестеріне қарсы арналған өсімдік майынан жасалған фенолды фитокреолинді қолдану әлдеқайда пайдалы, фитопрепараттардың емдік қасиеті, мүмкіншіліктері жоғары болады.

Фитокреолин препарат зарарсыздандыруға және жарақаттардың жылдам сауығуына үлес қосады, сол себепті 2019 жылы өнеркәсіптік жолмен елімізде өндіріле бастады. Қазіргі уақытта бұл препарат толығымен клиникалық сынақтардан өтпеген, жануарларға емдік әсері толығымен ашылмаған.

Өсімдік текті отандық химиялық белсенді дәрілерді кең қолданысқа енгізу ветеринария, биотехнология тәжірибесінде емдік және ауруды алдын алу нысаны, жануарлардың санын сақтап қалуда, сонымен қатар елімізде жануарлардың жетілуіне оң әсерін тигізеді. Және қолданып үйреніп қалған

көрші елден келетін фенолды креолиннің қазіргі уақытта жеткізілуі қиындай түскен, бағасы да шарықтап кеткен, ал отандық өнімнің тиімділігі жоғары, шығыны аз.

Жұмыстың мақсаты: “Фитокреолин” препаратының клиникалық сынақтары және оның негізгі фармакологиялық әсерлерін анықтау.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы «НикВет» ветеринарлық клиникасында жүргізілді.


"Фитокреолин" биопрепараты "Жалын" ғылыми-өндірістік орталығының қызметкерлерімен бірлесіп биомассаның целлюлоза негізі пирозиннің сұйық фазалық өнімдер кешені негізінде алынды (ҚР пайдалы модельге патенті № 4794 22.10.2019 ж.) [2].

### Диагностикалық әдістер

Жақында жарияланған ұсақ жануарлардағы дерматофитияға арналған клиникалық консенсус құжатында қазіргі әдебиеттерге шолу жасағаннан кейін дерматофитияны диагностикалаудың алтын стандарты яғни 100% дәлдікпен бірде-бір диагностикалық тест анықтай алмайды деген қорытынды жасалды. Авторлардың айтуы бойынша, диагноз белсенді инфекцияны анықтаудың қосымша әдістерімен жасалады, мысалы, жұқтырылған теріні тікелей зерттеу, оның ішінде Вуд Лампасын қолдану және стерильді тіс щеткасымен жиналған қылды микроскопия әдісімен зерттеу арқылы. Консенсус құжатының авторлары Вудтың шамы арқылы зерттеу тері ауруларында ең сенімді нәтиже көрсетеді деген қорытындыға келді[3,4].

Тексеруді науқастың басынан бастап, баяу артқа қарай жылжытамыз, шамды теріге жақын ұстаймыз(2-ден 4 см-ге дейін), дерматофитиядағы сарғыш-жасыл жарқырауды айқын көре аламыз, бұл түсті шаштың жалған көк флуоресценциядан ажыратуға болады. 5-10 тал түктерді микроскоп астына қойып, минералды майды тамызып артроспораның бар немесе жоқтығын тексердік.

Күнделікті зерттелінетін жануарлардың 40% тері ауруларына шалдыққан. Оның ішінде микоздар, қышыма қотыр ауруларына шалдыққан. Науқас жануарларды емдеуде фитокреолин препаратына сынақ жүргізілді. ауқас жануарларды емдеуде фитокреолин препаратына сынақ жүргізілді. Тәжірибиеге әр түрлі жастағы 20 мысық, 10 ит алынды.



Сурет1-Диагностикалық және емдеу шаралар жүргізу бағыты

Иттер мен мысықтардағы дерматофитоздарды сәтті емдеу жергілікті емдеуді, жүйелі емдеуді және қоршаған ортаны дезинфекциялауды қажет етеді.

Қоршаған ортаны зарарсыздандыру дерматофитияны емдеудің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл сонымен қатар микоздарың жалған оң нәтиже көрсетуін азайтады. Жұқтырудың алдын алу үшін ауырған жануарлады сау жануарлардан алшақ ұстау бұрыннан айтылып келсе де, ұсақ үй жануарларын оқшаулау өте сақтықпен жүргізілуі керек, өйткені бұл әсіресе жас жануарлар үшін өте стрессті болуы мүмкін. Ұзақ мерзімді оқшаулау қажеттілігін апта сайын фитокреолин препаратымен тазарту жұмыстарын және жергілікті терапияны жүргізгенде қалған сау жануарларға жұқпауына көмегін тигізді. Препараттың 10мл/1л (1%) ерітінді жасап терінің залалданған жерлерін күн ара өндедік. Нәтижесіне 10 күннің ішінде жануар сауыққан, ал заласыздандырған себебінен басқа жануарлардан алшақ ұсталмаса да, бірге ұсталынатын өзге сау жануарларға жұқпаған. Бұл препаратты қолдану ит пен мысықтардың қолайсыз және стрестік факторларын алдын алуда көмектесті.

Қышыма қотыр кезінде 10 мл препаратты 1л суға араластырдық. Жануарлардың зақымданған тері аймақтарын фитокреолин ерітіндісімен күніне 1 рет 10 күн бойы өнделді. Қышыма қотыр кезінде жануарларда емдеудің 3-4-ші күнінде аурудың клиникалық белгілері бәсеңдей бастады: жалпы жай күйлері жақсарды, қышынуы азайды. Емдеудің 6-шы күнінде тері жамылғысындағы қызарулар кетіп, қабыршықтар қалыптасты. 9-10 күндері жаңа эпителий қабаттары қалыптасты, қышыну толығымен кеткен. Жануардың жай күйі жақсарып тері жамылғысы толық қалпына келіп, жаңа түк жамылғылары шыға бастады.

Тәжірибие нәтижесінде фитокреолинді қолдану жоғары терапиялық тиімділікке ие екендігі анықталды. Осылайша, жергілікті клиникалық белгілерді бағалау кезінде үлгі бойынша емдеуді бастағаннан кейін қабыну, ауырсыну белгілері 10 тәулікте азаюы байқалды. Тері жамылғылары қайта қалпына келді.

Препарат өсімдік тектес өнім болғандықтан, жануарлардың денесіне теріс әсер етпейді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1.Karen Helton Rhodes, Alexander H.Werner. Small animal dermatology. - Wiley-blackwell, 2011.
- 2.Способ получения комплекса жидкофазных продуктов пиролизом целлюлозной основы биомассы // Патент РК на полезную модель № 4794 (21) 2019/0935.2; (22) Бексейтова К.С., Тулейбаева А.С., Жұмахан Қ., Рахимжанова Д.Т., Есжанова Г.Т
- 3.Moriello KA, Coyner K, Paterson S, Mignon B. Diagnosis and treatment of dermatophytosis in dogs and cats: Clinical Consensus Guidelines of the World Association for Veterinary Dermatology. [Text] / Vet Dermatol. -2017. -№28(3). -P. 266–268.
- 4.Moriello KA. Decontamination of 70 foster family homes exposed to *Microsporum canis* infected cats: a retrospective study. Vet Dermatol. -2019. -№30(2). -P. 178–155.